

**DEXP**

**Пайдаланушы нұсқаулығы**

**Асүй таразысы DEXP SSC**

# Мазмұны

<b>Құрылғының мақсаты</b> .....	4
<b>Техникалық сипаттамалар</b> .....	4
<b>Пайдалану нұсқаулығы</b> .....	4
Қуаттау элементтерін орнату және ауыстыру .....	4
Дисплейдегі мәндердің анықтамасы .....	4
Батырмалар функциясы .....	5
Режимді таңдау .....	5
Өлшем бірлігін таңдау .....	5
Өлшеу режимі .....	6
Көлемін көрсету режимі.....	6
Ыдысты өтемдеу режимі.....	7
Автоматты өшіру .....	7
Қолмен өшіру .....	8
Ескертетін индикаторлар.....	8
<b>Сақтық шаралары</b> .....	8
<b>Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары</b> .....	9
<b>Қосымша ақпарат</b> .....	9

## Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

## Құрылғының мақсаты

Ас үй таразылары әртүрлі тамақ өнімдері мен ұсақ заттардың массасын өлшеуге арналған.


## Техникалық сипаттамалар

- Моделі: SSC.
- Өлшем бірліктері: граммдар/унциялар/фунттар/миллилитрлер/стақандар (сүт/су).
- Таразылау диапазоны: 2 г – 5 кг.
- Меже бағасы: 1 г.
- Қуаттау элементтері: AAA типтес 2 батарея.
- Қолданылу аясы: тұрмыстық.


## Пайдалану нұсқаулығы

### Қуаттау элементтерін орнату және ауыстыру

1. Қажет болса, өткір затты пайдаланып, пайдаланылған қуат элементтерін алыңыз.
2. Полярлықты сақтай отырып, жаңа қуат элементтерін орнатыңыз (AAA типтес).



### Дисплейдегі мәндердің анықтамасы



Салмақ режимі



Сүт көлемінің режимі



Су көлемінің режимі

## Батырмалар функциясы

**MODE** Өлшем бірлігін таңдау және режимі




Қосу/өшіру/нөлге келтіру/ыдыс өтемдігі.

**UNIT** Бірліктер жүйесін таңдау метрикалық немесе қосымша орнатылған (таразының түбіндегі таңдау түймесі).


## Режимді таңдау

Салмақты қосқаннан кейін **MODE** түймесін басып, суретте көрсетілгендей қажетті режимді, сондай-ақ бірлікті таңдаңыз:



## Өлшем бірлігін таңдау


Егер таразыда метрикалық (грамм, мл.) және қосымша орнатылған (lb:oz, fl ' oz ) бірліктер жүйесі болса, жұмыс режимін (салмақ, сүт көлемі, су көлемі) таңдау үшін **MODE** батырмасын басыңыз, содан кейін екі жүйе арасында таңдау үшін **UNIT** батырмасын басыңыз. Мысалы:




- Егер граммдар салмақ бірлігі ретінде орнатылса, мл-көлем бірлігі.
- Егер lb орнатылса: oz, салмақ бірлігі ретінде, fl ' oz-көлем бірлігі.

## Өлшеу режимі

1. Өлшеу кезінде қате жібермеу үшін таразыны тегіс жерге қойыңыз.
2. Таразыны қоспас бұрын ыдысты (қажет болса) таразыға салыңыз.
3. Таразыны іске қосу үшін «ZERO» батырмасын басыңыз.
4. Дисплейде «0» көрінбейінше күте тұрыңыз. Салмақ режиміне өту үшін «MODE» батырмасын басыңыз.
5. Салмақты өлшеу үшін салмақты таразыға (немесе ыдысқа) салыңыз.
6. Егер сіз суды немесе сүтті өлшегіңіз келсе, көлемді өлшеу режимін таңдау және өлшегіңіз келетін көлемді көру үшін «MODE» батырмасын басыңыз.



## Көлемін көрсету режимі



1. Өлшеу кезінде қате жібермеу үшін таразыны тегіс жерге қойыңыз.
2. Таразыны іске қосу үшін «ZERO» батырмасын басыңыз.
3. Дисплейде «0» пайда болғанша күтіңіз және таңдау үшін «MODE» батырмасын басыңыз.
4. Сұйықтықты өлшейтін контейнерді таразы платформасына қойыңыз. Дисплейде ыдыстың салмағы көрсетілетін болады.
5. Дисплейде «0» орнату немесе ыдысты өлшеу үшін «ZERO» батырмасын басыңыз.
6. Сұйықтықты (су немесе сүт) контейнерге құйыңыз, өлшенген сұйықтықтың көлемі дисплейде көрсетіледі.
7. «Салмақ» режимін таңдау үшін «MODE» батырмасын басыңыз және дисплейде сұйықтықтың салмағы көрсетіледі.

## Ыдысты өтемдеу режимі


Режим әртүрлі жүктерді таразыдан шығармай-ақ бір-бірінің артынан өлшеуге арналған.

### 1-режим: нөлге келтіру функциясы

1. Өнімдерді таразыға салыңыз, дисплейде өнімнің салмағы көрсетіледі.
2. Мәнді қалпына келтіру және таразыға басқа өнімдерді қосу үшін «ZERO» батырмасын басыңыз.

«ZERO» батырмасы басылған сайын дисплейде «- - -» немесе «0 g» көрсетіледі.

«---» бұл мән орнатылмағанын білдіреді, біраз күтуіңіз керек. «0 g» тасталған салмақ  $\leq 200$  г және нөлдеу функциясы белсенді екенін білдіреді.




### 2-режим: ыдысты алып тастау функциясы

1. Контейнерді таразыға орнатыңыз, дисплей контейнердің салмағын көрсетеді.
2. Ыдыстың салмағын алып тастау үшін «ZERO» батырмасын басыңыз.
3. Өнімді контейнерге салыңыз, дисплейде тек өнімнің салмағы көрсетіледі.

«ZERO» батырмасы басылған сайын дисплейде «- - -» немесе «0 g» көрсетіледі.

«---» бұл мән орнатылмағанын білдіреді, біраз күтуіңіз керек. «0 g» тасталған салмақ  $\leq 200$  г және ыдысты жою функциясы белсенді екенін білдіреді. Максималды салмағы барлық жүктердің жалпы салмағына дейін кемиді.




### Қосымша:

Егер «ZERO» батырмасын бассаңыз, таразыдағы барлық жүктердің жалпы салмағын көресіз. Егер көп салмақты өлшегіңіз келсе, дисплейді «0» күйіне қайтару үшін «ZERO» батырмасын басыңыз.

### Автоматты өшіру


Егер дисплейде «0» мәні немесе 2 минут ішінде басқа мән көрсетілсе, таразы автоматты түрде өшеді.



## Қолмен өшіру


Қуат элементтерінің зарядын үнемдеу үшін ZERO батырмасын басу арқылы әр қолданғаннан кейін таразыны өшіріңіз.

Ескерту: егер дисплейде «0» мәні көрсетілсе, ZERO батырмасын басыңыз. Егер дисплейде басқа мән пайда болса, онда ZERO батырмасын 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.



## Ескертетін индикаторлар

1. Қуаттау элементін ауыстырыңыз.
2. Таразы артық жүктелген. Ықтималды бүлінулерге жол бермеу үшін жүкті алып тастаңыз. Жүктің максималды рұқсатты салмағы — 5 кг.



## Сақтық шаралары

- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде іркілістер анықталса, қуаттау элементін ауыстырып көріңіз. Егер проблема шешілмесе, авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Таразыны тек тұрақты тегіс бетке, сондай-ақ толық құрғақ ортада пайдаланыңыз.
- Құрылғыны сәл дымқыл шүберекпен тазалау керек. Құрылғыны тазалау үшін бензинді және басқа да агрессивті заттарды қолдануға болмайды.
- Құрылғыны судың әсерінен және тікелей түсетін күннің сәулелерінен қорғап жүріңіз.
- Құрылғының барлық пластикалық бөліктері майлы, дәмдеуіштермен, сірке суымен немесе тым боялған тағаммен жанасқаннан кейін дереу тазалануы керек. Құрылғыны қышқыл цитрус шырындарына тигізбеңіз.
- Егер құрылғыны ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, қуаттау элементі тотықпауы үшін оларды алып тастаңыз (өйткені бұл құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін).



## Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5°C бастап 40°C дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде жүргізілуі тиіс. Тұрғын-жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғы жиынтығына кіретін батареялардың қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оларды басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды. Құрылғылар мен батареяларды кәдеге жарату қалдықтардың ақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға ықтимал зиян келтірудің алдын алу үшін қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** (Серкл Хаусхолд) Чжоншань Кэмри Электроник Ко., Лтд.

Байшавань өнеркәсіптік паркі, Цзивань тас жолы (С), Чжоншань, Гуандун, Қытай. Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.

**Интернеттегі мекенжайы:** [www.dexp.club](http://www.dexp.club)

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.1

## **Өндірушіге келесі жағдайларда кепілдікті міндеттемелер жүктелмейді:**

- Кепілдік мерзімі өтіп кетсе.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу салдарынан, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды, бұйымды қосу (тиісті емес желілік кернеудің бұйымның өзіне де, онымен түйіндес бұйымдарға әсер етуінің нәтижесінде де пайда болған қысқа тұйықталулар), сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан шектен ықтимал материалдық, моральдық және өзге зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: сынықтар, жарықшалар, деформациялар, соққылар іздері, майысқан жерлер және бұйымды пайдалану барысында болған т. б. зақымданулар.
- Бөгде түрлендірулердің, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізудің іздері бар. Егер ақау конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер ақау еңсерілмейтін күш әсерінен (табиғи апаттардан, өрттерден, су тасқындарынан, жер сілкіністерінен, тұрмыстық факторлардан және Өндірушіге байланысты емес өзге жағдайлардан), немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаған болса. Ақау бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөтен заттар, бөгде денелер, заттектер, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлар түсуінен, агрессивті орталардың, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындаған болса.
- Бұйымды сәйкестендіруі (сериялық нөмірі) жоқ болса немесе сәйкес келмесе. Егер ақаулықтар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен; БЖ жеткізушісінде осы қызметтерді ұсынудың болмауына байланысты оларды жою/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкелген құпиясөздерді (кодтарды) орнатумен, ауыстырумен немесе жоюмен туындаған болса.
- Егер жұмыс ақаулары қоректік, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктерінен және басқа ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің қамту шекарасында немесе аймағынан тыс пайдаланудан туындаған болса.
- Егер ақаулар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапалы емес (зақымдалған) шығыс материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (CD, DVD дискілерін, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қосымшалары және оларға ұқсас бағдарламалар) алу-дан, орнатудан және пайдаланудан туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істеп тұрған басқа жабдықтауға келтірілген шығынға.

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін уәкілетті сервис орталықтарының аумағында тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдік міндеттемелері және ақысыз қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, бұйым жиынтығына кіретін төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат көзі элементтері (батареялар).
- Біріктіру кабельдері, антенналар және оларға арналған өткізгіштер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштары, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілерінде жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ), сыртқы енгізу/шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасуға арналған баусымдар, монтаждау жабдықтары, саймандар, бұйымға қоса берілген құжаттама.
- Шығыс материалдар және табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектер.



[www.dexp.club](http://www.dexp.club)